

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**

**ПРАКТИКАНЫҢ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАРЫ**

**5В010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша
(күндізгі және сырттай бөлім)**

Астана

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер	4
2 Оқу тәжірибесінің бағдарламасы	6
3 Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы	10
4 Өндірістік тәжірибенің бағдарламасы	13
5 Әдебиеттер тізімі	18
6 Әдістемелік нұсқаулар	20

1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Аталған ереженің негізгі мақсаты педагогикалық мамандықтағы студенттердің практикасын ұйымдастыруды реттеу болып табылады.

1.1 Кәсіптік практика жоғары оқу орнындағы оқу үдерісінде алған теориялық білімдерін бекітуге және тәжірибелік дағдылар мен күзiреттiлiктердi меңгеруге, тәжірибе жинақтауға бағытталған.

1.2 Оқыту барысында педагогикалық мамандықтағы студенттер жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес кәсіптік практиканың әртүрлі түрлерінен өтеді: оқу, педагогикалық, өндірістік.

1.3 Білім алушыларды практиканың кез-келген түріне бағыттау жоғары оқу орнының басшысының бұйрығы тарапынан практикадан өтудің нақты мерзімі, базасы және практика жетекшісі көрсетілген күйде бекітіледі.

1.4 Жетекші ретінде мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерген тәжірибелі оқытушылар, доцент және профессорлар тағайындалады.

1.4.1 Жетекші тағайындалған соң практика жұмысын бағалау ең соңғы есепті қорғау нәтижелеріне қарай қойылады.

1.4.2 Практикаға екі жетекші тағайындалғанда (ереже бойынша педагогикалық, өндірістік және т.б) практика базасындағы жетекшінің қорытынды бағасы (40%) мен жоғары оқу орнынан тағайындалған жетекшінің (60%) бағасы қойылады.

1.5 Практика жетекшісі практиканың басынан бастап студенттерді практикадан өтуге дайындайды, практика бағдарламасына сәйкес кеңес беруді жүргізеді, практиканың өту барысына бақылау жасайды, білім алушылардың есебін тексереді, практиканың өту барысы туралы кафедраға есеп береді.

1.6 Білім алушы практикадан өту барысында міндетті:

1.6.1 практиканың бағдарламасын толық орындауға, жоғары оқу орнының бекітілген формасына сәйкес күнделікті толтыруға;

1.6.2 практика базасының ішкі тәртібіне бағынуға;

1.6.3 еңбек қауіпсіздігінің, техника және өндірістік санитарияның ережелерін қатаң сақтауға және меңгеруге;

1.6.4 кафедра тапсырмасы бойынша оперативті жұмыстарға қатысуға;

1.6.5 практика жетекшісіне практиканың есеп беру құжаттарын: есеп, күнделік, практика базасындағы жетекшінің барлық тапсырмаларды орындағандығы туралы жазылған мінездемесін тапсыру міндеттеледі.

1.7 сырттай және кешкі оқу формасында білім алатын студенттер мамандығы бойынша жұмыс жасайтын болса (жалпы білім беру мектептерінде, колледждерде) практикадан босатылады. Мұндай жағдайда студенттер жоғары оқу орнына жұмыс орнынан олардың кәсіптік әрекеттерін растайтын анықтама және мінездеме алып келуі қажет болады.

1.8 оқу, педагогикалық және өндірістік практика қорытындысы бойынша білім алушылар кафедраға есептерін тапсырып, арнайы комиссияның алдында қорғайды. Қорғаудың нәтижелері бойынша студенттерге балльдық-рейтингтік жүйе бойынша баға қойылады.

1.9 Практиканы толық аяқтамаған немесе қанағаттанарлық баға ала алмаған студенттер сол оқу курсы аяқтаған болып есептелінбейді және оқудың келесі курсына өтпейді.

2. ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

2.1 Оқу (үздіксіз) практикасы 1 курста өткізіледі.

2.2 оқу практикасы студенттерді болашақ кәсіптік іс-әрекетке дайындайтын үздіксіз кәсіптік практикалық кезеңнің бірі болып табылады. Аталған практика оқу үдерісімен қатар жүргізіледі және студенттердің психологиялық-педагогикалық білімдерін практикада қолданып қана қоймай, олардың аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

2.3 Оқу практикасының базасы ретінде болашақ кәсіптік іс-әрекетке сәйкес келетін мекемелер таңдалады.

2.4 болашақ мамандыққа сәйкес ұйымдарда оқу практикасын жүргізу үшін арнайы келісім-шарттың болуы қажет.

2.5 Оқу практикасының көлемі 2 кредиттен, 30 сағаттан тұрады.

2.6 Практиканың мақсаты мен міндеттері

2.6.1 Кіріспе

Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуын жетелдету көптеген факторларға тәуелді, соның ішінде мамандарды кәсіптік даярлаудың сапасына да байланысты.

Қазіргі заманғы мамандарға қойылатын ең басты талаптардың бірі жоғары кәсіптік құзіреттілік пен әлеуметтік белсенділік.

5В010300 – ПЕДАГОГИКА және ПСИХОЛОГИЯ мамандығын дайындауда практика маңызды болып табылады. Тәжірибе теориялық білімді практикалық іс-әрекетте сынап көруге мүмкіндік береді, практикалық әрекетке қажетті іскерліктер мен дағдыларды меңгеруге алып келеді.

ОҚУ ПРАКТИКАСЫ студенттерді болашақ кәсіптік іс-әрекетке дайындайтын үздіксіз кәсіптік практикалық кезеңнің бірі болып табылады. Аталған практика оқу үдерісімен қатар жүргізіледі және студенттердің психологиялық-педагогикалық білімдерін практикада қолданып қана қоймай, олардың аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

2.6.2 Оқу практикасының мақсаты:

– мектеп директоры, директордың оқу және тәрбие ісі бойынша орынбасарлары, сынып жетекшісі және оқу жұмысымен танысу;

– педагогикалық үдерістің психологиялық негіздерімен танысу, оқушылардың тұлғааралық қатынастары мен мұғалім-оқушы жүйесімен танысуы.

– Жеке және ұжымдық бақылаудың психологиялық негіздері.

2.6.3 Оқу практикасының мазмұнын меңгеру деңгейіне талаптар

Қойылған арнайы талап бойынша «5В010300 – педагогика және психология» мамандығының студенті практика барысында меңгеруі тиіс:

білімі: әртүрлі білім беру орындарындағы психолог маманның іс-әрекетін реттейтін құжаттар мен құқықтық және заңнамалық актілерді білуі тиіс.

іскерлігі: психологиялық зерттеу жүргізуі, психологиялық-диагностикалық және коррекциялық жұмыстарды орындауы, жаңа технологияларды қолдана отырып, жаңа білімдерге ие болуы қажет.

дағдысы: кәсіптік іс-әрекетте қолданылатын ақпаратты компьютерлік әдіспен жинақтау, сақтау және талдау.

2.7 Оқу практикасының мазмұны
1 семестр

№	Мазмұны	Ұйымдастыру формасы мен әдістері	Орындалу мерзімі
1.	Мектеп жұмысының міндеттері мен негізгі бағыттарымен танысу.	1. мектеп директоры, орынбасарлары және оқу жұмысымен танысу; 2. мектеп психологы мен әлеуметтік педагогымен танысу және әңгімелесу; 3. мектеп ішіне саяхаттау; 4. студенттің жеке жұмысын жоспарлау.	1 - 2 апта
2.	Мектептік психологиялық қызмет	1. психологтың іс-әрекетімен танысу және жұмыс жоспарын зерттеу. 2. бақылау үшін сыныпты таңдау. 3. мектеп психологы мен сынып жетекшіге көмек көрсету.	1 – 2 апта
3.	Алғашқы мәліметтерді жинақтау	1. сынып жетекшімен танысу және әңгімелесу 2. сыныптың жеке құжаттарымен танысу және талдау 3. бақылау	3-4 апта
4.	Студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстары	- оқушылардың оқу мотивациясын зерттеу; - сабақтың психологиялық климатын бақылау және талдау; - сыныптағы дарынды және қиын балаларды анықтау, олардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу; - оқушылардың жеке және дара ерекшеліктерін зерттеу.	4-6 апта
5.	Сынып ұжымын зерттеу	1. сынып ұжымының құрылымын анықтау; 2. сынып оқушылары мен сынып жетекшісінің өзара қарым-	1-2 апта

		қатынасын бақылау; 3. әртүрлі әдістемелерді жүргізу арқылы топты зерттеу; 4. сынып ұжымы туралы толық мінездеме құрастыру.	
6.	Практика күнделігін рәсімдеу	1. сынып жетекшіге жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу. 2. мектеп психологына жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу.	12-13 апта
7.	Практика құжаттарын рәсімдеу	Практика есебін дайындау	2-14 апта
	Қорытынды конференция	Есепті қорғау	15 апта

2 семестр

№	Мазмұны	Ұйымдастыру формасы мен әдістері	Орындалу мерзімі
1.	Мектеп жұмысының міндеттері мен негізгі бағыттарымен танысу.	1. мектеп директоры, орынбасарлары және оқу жұмысымен танысу; 2. мектеп психологы мен әлеуметтік педагогымен танысу және әңгімелесу; 3. мектеп ішіне саяхаттау; 4. студенттің жеке жұмысын жоспарлау.	1 - 2 апта
2.	Мектептік психологиялық қызмет	1. психологтың іс-әрекетімен танысу және жұмыс жоспарын зерттеу. 2. бақылау үшін сыныпты таңдау. 3. мектеп психологы мен сынып жетекшіге көмек көрсету.	1 – 2 апта
3.	Алғашқы мәліметтерді жинақтау	1. сынып жетекшімен танысу және әңгімелесу 2. сыныптың жеке құжаттарымен танысу және талдау 3. бақылау	3-4 апта
4	Студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстары	- 2-3 оқушының таным процесстерін зерттеу, - 2-3 оқушының тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.	4-6 апта
6.	Сынып ұжымын	Оқушыларға психологиялық-	7-11 апта

	зерттеу	педагогикалық мінездеме беру	
7.	Практика күнделігін рәсімдеу	1. сынып жетекшіге жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу. 2. мектеп психологына жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу.	12-13 апта
8.	Практика құжаттарын рәсімдеу	Практика есебін дайындау	2-14 апта
	Қорытынды конференция	Есепті қорғау	15 апта

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ

1.1 «5В010300 – педагогика және психология» мамандығының студенттері педагогикалық практикадан 3 курстың 6 семестрде өтеді.

1.2 Педагогикалық практиканың мақсаты жалпы ғылыми, мәдени, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік және арнайы пәндер бойынша алған білімдерін бекіту және тереңдету, теориялық білімдері негізінде педагогикалық іскерлік, дағды және құзіреттіліктерін қалыптастыру. Педагогикалық практика студенттің жалпы ғылыми, дидактикалық, пәндік және психологиялық-педагогикалық дайындығын байланыстыруға бағытталған.

1.3 Педагогикалық практиканың көлемі 3 кредит 90 сағатты құрайды.

1.4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ мерзімі 3 апталық уақытты қамтиды.

1.5 Педагогикалық практиканың соңында студенттер кафедраға практика жетекшісі тарапынан тексерілген есепті ұсынады және кафедра бойынша арнайы құрылған комиссия алдында қорғайды. Қорғаудың нәтижесінде әрбір студентке баллдық-рейтингтік жүйе бойынша баға қойылады.

1.6 Педагогикалық практиканың мазмұнын меңгеру деңгейіне талаптар

Сын сабақтарға қатысу, оны талдау, тәрбиелік шаралар мен тәжірибелі мұғалімдердің жұмыстарымен танысу студент-практиканттарға мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру жөніндегі теориялық жағдайды нақты түсінуге және ойлауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық практика барысында студент төмендегі іскерліктерді меңгеруі тиіс:

- сабақ, сыныптан тыс сабақтар және тәрбие шараларын жоспарлайды, сабақтың (конспектісі) мәтінін, шаралар бағдарламасын жасайды;
- әдістемелік әдебиеттермен, оқу бағдарламаларымен жұмыс істеу, сабаққа ТҚО мен көрнекі құралдарды, материалды іріктеу;
- оқушылардың физикалық және психикалық дамуын ескеріп, мұғалімнің тиімді жұмыс түрлері мен әдістерін таңдауын бақылау;
- оқушылардың даму деңгейіне диагностика жүргізу;
- жеке қызметінің нәтижесіне өзіндік талдау және өзіндік баға беруді іске асыру.

Мектепте педагогикалық практикадан өту кезінде студенттер келесі қызмет түрін орындайды:

- мұғалім, тәрбиеші жұмыстарымен, сыныптағы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырумен танысады (мұғалімнің сабақ жоспары мен күнделікті жоспары, күнтізбе жоспары, техникалық құралдар мен көрнекі құралдар, мектеп, сыныптың әдістемелік қорын зерттейді);

- пән бойынша сыныптан тыс сабақтар, тәрбиелік шараларды өткізуге көмектеседі;

- сабақ, сыныптан тыс сабақтар және тәрбиелік шараларға қатысады және оған талдау жасайды.

Мұғалім-әдіскерлер, педагогика және психология кафедрасының оқытушылары сабақты талдағанда, студенттерге үлгі ретінде сабақтың, сыныптан тыс және тәрбие шараларын талдау үлгілерін көрсетуі қажет.

1.7 Педагогикалық практиканың мазмұны

Педагогикалық практикадағы студенттердің жұмысы мазмұны бойынша 3 кезеңге бөлінеді:

I кезең – кіріспе. Студенттерді практикадан өтуге теориялық дайындау. Практиканың мақсат, міндеттерімен таныстыру, қорытынды құжаттарымен және практиканың бақылау мерзімдері туралы ақпараттар беру.

II кезең - негізгі. Ол кезеңнен тұрады: таныстық және кәсіптік-іс-әрекеттік. Бірінші аптада студент оқу орнымен танысады, өзіне бекітілген сыныпты бақылайды, сабақтарға қатысады, мектеп психологының жұмыс жоспарын көреді, сынып жетекшімен сыныппен өткізілетін барлық тәрбиелік шараларды талдайды. Алғашқы екі күнде практикант өзінің жеке жоспарын құрастырады, күнделік арнайды, топтық жетекшіге бекітуге береді.

Жеке жоспар күнделікті толтыратын күнделікте болады.

Жұмыс кезеңі келесі 2,5 апталық уақытты қамтиды, келесі міндеттер орындалады: психология, педагогика бойынша тапсырмалар орындалады, тәрбиелік шаралар жасалады, стимульдық материалдар құрылады.

III кезең – бақылау-бағалау. Практика бойынша есепті рәсімдеу. Практиканың қорытындысын шығару. Қорытынды конференцияға қатысу.

№	Мазмұны	Ұйымдастыру формасы мен әдістері	Орындалу мерзімі
1.	I кезең - кіріспе. Мектеп жұмысының міндеттері мен негізгі бағыттарымен танысу.	1. мектеп директоры, орынбасарлары және оқу жұмысымен танысу; 2. мектеп психологы мен әлеуметтік педагогымен танысу және әңгімелесу; 3. мектеп ішіне саяхаттау; 4. студенттің жеке жұмысын жоспарлау.	1 апта
2.	II кезең – негізгі. Психологиялық-педагогикалық іс-шара	1. мектеп психологының жұмыс жоспарымен танысу; 2. ортақ әлеуметтік-психологиялық іс-шараларды құрастыру; 3. практика базасындағы педагог-психологтың, сынып жетекшінің,	1 – 2 апта

		кеңес беруі; 4. педагог-психологпен бірге бірнеше (3 кем емес) ортақ әлеуметтік-психологиялық іс-шараларды өткізу.	
3.	Өзбетімен психологиялық-педагогикалық іс-шарады өткізу	1. ортақ іс-шаралардың нәтижелерін практика жетекшісімен және педагог-психолог, әдіскердің қатысуымен талқылау. 2. жоспардың құрылу нәтижелерін практика жетекшісімен және педагог-психолог, әдіскердің қатысуымен талқылау. 3. өзбетімен практика базасында педагог-психологтың және практика жетекшісінің қатысуымен психологиялық-педагогикалық 3 кем емес іс-шараларды өткізу	2-3 апта
4.	ІІІ кезең – бақылау-бағалау Практика күнделігін рәсімдеу	1. сынып жетекшіге жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу. 2. мектеп психологына жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу.	3 апта
5.	Практика құжаттарын рәсімдеу	Практика есебін дайындау	3 апта
	Қорытынды конференция	Есепті қорғау	

ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА БАҒДАРЛАМАСЫ

4.1 Өндірістік практика арнайы пәндерді меңгеру немесе теориялық білім алу ақталғаннан кейін ұйымдастырылады. Бітіруші курста барлық теориялық оқу аяқталған соң өндірістік практикаға жіберіледі.

4.2 сырттай және кешкі оқу формасында білім алатын студенттер мамандығы бойынша жұмыс жасайтын болса (жалпы білім беру мектептерінде, колледждерде) өндірістік практикадан босатылады. Мұндай жағдайда студенттер жоғары оқу орнына жұмыс орнынан олардың кәсіптік әрекеттерін растайтын анықтама және мінездеме алып келуі қажет болады.

4.3 өндірістік практиканың мақсаты білім алатын мамандығы бойынша практикалық дағдылар мен тәжірибелерді, кілтті құзыреттіліктерді игеру және бекіту болып табылады.

4.4 өндірістік практиканың базасы сол мамандықтың профиліне сәйкес ұйымдар болып табылады.

Практика жетекшісі практиканың басынан бастап студенттерді практикадан өтуге дайындайды, практика бағдарламасына сәйкес кеңес беруді жүргізеді, практиканың өту барысына бақылау жасайды, білім алушылардың есебін тексереді, практиканың өту барысы туралы кафедраға есеп береді.

4.5 Жоғары оқу орны практиканың базасымен типтік келісімде көрсетілген келісім-шартқа отыруы қажет.

Келісім-шартқа оқу жылының басталуынан 1 ай алдын отыру қажет.

4.6 ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКАНЫҢ көлемі 4 кредит 300 сағатты қамтиды. Өндірістік практиканың мерзімі 10 апта.

4.7 Өндірістік практиканың соңында студенттер кафедраға практика жетекшісі тарапынан тексерілген есепті ұсынады және кафедра бойынша арнайы құрылған комиссия алдында қорғайды. Қорғаудың нәтижесінде әрбір студентке баллдық-рейтингтік жүйе бойынша баға қойылады.

4.8 өндірістік практиканың мазмұнын меңгеру деңгейіне талаптар «Педагог-психолог» маман өзмамандығы бойынша келесі базалық құзіреттіліктерге ие болуы қажет:

- педагог-психолог ретінде өзін қалыптастыру;
- кәсіптік іс-әрекетте кәсіптік адекватты ұстанымдарды таңдау.

4.9 Өндірістік практиканың мазмұны

Дайындық кезеңі:

- практикаға шығар алдындағы оқушылардың кеңесі және тренингтер;
- педагогикалық практиканың жағдайымен және орнымен танысу (оқушылармен, психолог-педагогтармен кездесу);
- практиканттар жеке бағдарламаларын дайындау.

Негізгі кезең:

- оқушылар ұжымына диагностика және өндірістік практика барысында жұмыс жоспарын жасау;

- диагностикалық карталар көрсеткіштері негізінде қызметті жоспарлау;

- инварианттық модель бойынша жасалынған педагогикалық сценарийлер жасау негізінде ұжымда қызметті ұйымдастыру, оларды өткізу;

- міндетті ұжымдық шығармашылық істердің кешенін (даму қажеттілігін ескере отырып, оқушылардың ынтасы, мектептің жоспарлар болжамы, сынып жетекшілері) орындау;

- өзіндік қызметінің нәтижесіне талдау жасау;

Қорытынды кезең:

- есеп беру құжаттарын дайындау;

- практикадан кейінгі өзін-өзі кәсіби дамыту үшін жеке міндеттерді қысқа әрі дәл жеткізу.

- конференцияда практиканың нәтижесін талқылауға қатысу.

III кезең – бақылау-бағалау. Практика бойынша есепті рәсімдеу. Практиканың қорытындысын шығару. Қорытынды конференцияға қатысу.

№	Мазмұны	Ұйымдастыру формасы мен әдістері	Орындалу мерзімі
1.	I кезең - кіріспе	1. практиканың базасымен танысу 2. практика базасының педагог-психологымен танысу 3. практика базасының педагог-психологының кәсіптік міндеттерімен танысу 4. практика базасының педагог-психологының жұмысының нормативті құжаттарымен танысу.	1 апта
	II кезең - негізгі.	1. жеке жоспарды құрастыру 2. педагог-психологтың, сынып жетекшісінің және т.б практикалық, педагогикалық іс-шараларына қатысу. 3. педагогикалық практиканың жетекшісі, әдіскерінің кеңес беруі. 4. практика базасында педагог-психологтың, сынып жетекшінің және т.б көмекшісі ретінде жұмысқа араласу.	2 апта
2.	Алғашқы психологиялық-педагогикалық іс-шаралар	1. ортақ әлеуметтік-психологиялық іс-шараларды құрастыру; 2. практика базасындағы педагог-психологтың, сынып жетекшінің,	3 апта

		кеңес беруі; 3. педагог-психологпен бірге бірнеше (3 кем емес) ортақ әлеуметтік-психологиялық іс-шараларды өткізу.	
3.	Өзбетімен психологиялық-педагогикалық іс-шараларды өткізу	1. ортақ іс-шаралардың нәтижелерін практика жетекшісімен және педагог-психолог, әдіскердің қатысуымен талқылау. 2. жоспардың құрылу нәтижелерін практика жетекшісімен және педагог-психолог, әдіскердің қатысуымен талқылау. 3. өзбетімен практика базасында педагог-психологтың және практика жетекшісінің қатысуымен психологиялық-педагогикалық 3 кем емес іс-шараларды өткізу	4-9 апта
4.	Ғылыми-зерттеу жұмыстары	1. Ғылыми жетекшімен диплом жұмыстарын талқылау, зерттеу жүргізуге әдістерді іріктеу. 2. пилотажды зерттеуге арналған арнайы стимульдық бланкілер дайындау. 3. дипломдық жұмыстың тақырыбына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау. Практика бацзасының психологының тапсырмасын орындау. Анықтаушы, қалыптастырушы, тексеру эксперименттерді жүргізу. 4. бақылау тобында пилотажды зерттеу жүргізу. 5. қалыптастырушы эксперимент жүргізу. 6. пилотажды зерттеудің нәтижелерін сандық және сапалық өңдеу. 7. дипломдық жұмыс жетекшісімен эксперименттік бөлімді талқылау. 8. пилотажды зерттеудің нәтижелерін практика базасының педагог-психологымен талқылау.	2-9 апта

	<p>III кезең – бақылау-бағалау.</p> <p>Практика күнделігін рәсімдеу</p>	<p>1. сынып жетекшіге жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу.</p> <p>2. мектеп психологына жинақталған құжаттарды беру және мінездеме алу.</p>	10 апта
5.	Практика құжаттарын рәсімдеу	Практика есебін дайындау	10 апта
	Қорытынды конференция	Есепті қорғау	

Әдебиеттер тізімі

1. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе – М., Совершенство, 1998
2. Гильбух И.В. Психодиагностика в школе – М., Знание, 1989
3. Гудвин Исследования в психологии – СПб., 2004
4. Детская практическая психология: Учебник / под ред. проф. Т.Д. Марцинковской. - М.: Гардарики, 2000. - 255 с.
5. Детская практическая психология /под редакцией Т.Д. Марцинковской – МОСКВА, 2000
6. Детская психодиагностика: Практические занятия. Методические указания / сост. Ю.В, Филиппова. Институт «Открытое Общество». Ярославль, 2003. 39 с.
7. Дубровина И.В. Школьная психологическая служба – М., Педагогика, 1991
8. Крыжко В.В., Павлютенков Е.М. Психология в практике менеджмента образования – СПб., Каро, 2002
9. Кукушкин В.С. Теория и методика воспитательной работы в школе: Учебное пособие. – Ростов н/Дону: Издательский центр «МарТ», 2002. – 320 с. (Серия «Педагогическое образование»).
10. Немов Р.С. Психология 3 том – М., Владос, 1998
11. Овчарова Р.В. Справочная книга практического психолога – М., 1996
12. Психокоррекционная и развивающая работа с детьми: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / Под ред. И.В.Дубровиной. – М.: Издательский центр «Академия», 1998. -160 с.
13. Рабочая книга школьного психолога / под ред. Дубровина И.В. – М., Просвещение, 1991
14. Рогов Е.И. Настольная книга практического психолога в образовании. - М., 1995.
15. Романова Е.С., Потемкина О.Ф. Графические методы в психологической диагностике. - М., 1992.
16. Семачо М.М. Экспертная деятельность психолога образовательного учреждения – М., Аирис-пресс, 2004
17. Скаткин М.Н. Методология и методика педагогических исследований – М., Педагогика, 1986
18. Тейлор К. Психологические тесты и упражнения для детей: Книга для родителей и воспитателей
19. Фопель К. Как научить детей сотрудничать? Психологические игры и упражнения: Практическое пособие: Пер. с нем.: В 4-х томах.— М.: Генезис, 1998.— 160 с
20. Фридман Л.М., Пушкина Т.А., Каплунович И.Я. Изучение личности учащегося и ученический коллективов. - М.,1987.

21. Фурманов И.А. Психологические основы диагностики и коррекции нарушений поведения у детей подросткового и юношеского возраста.– Мн.: НИО, 1997.– 198 с.
22. Цукерман Г.А. Психология саморазвития: задача для подростков и их педагогов.- Рига, 1995.- 239 с.
23. Шевандрин Н.И. Основы психологической диагностики 3 том –М., Владос, 2003
24. Жоғары мектеп педагогикасының тарихында педагогикалық практиканы ұйымдастыру және жетілдіру проблемасы / Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНАУ, 2003, 45-50б.
25. Педагогикалық практиканы жетілдірудің жолдарын теориялық негіздеу // Вестник КазНУ им.аль-Фараби, Алматы, 2003 № 3
26. Педагогикалық практиканы кешенді тапсырмалар қолдану негізінде жетілдіру //Ізденістер, нәтижелер, Алматы, ҚазҰАУ, 2003, № 1
27. Кешендік тапсырмаларды және оларды бітіруші курс студенттерінің педпрактикасында жүзеге асырудың жолдарын күрделендіру // Ұлт тағылымы, Алматы, 2003, № 4
28. Моделирование профессионализма инженера-педагога // Исследования, результаты, КазНАУ, Алматы, 2003, №3,4 (В соавторстве с Б.Б.Курбаналиевым)
29. Педагогикалық практиканы кешенді тапсырмалар негізінде құру // Ізденіс. Поиск, Алматы, 2004, №1(2)
30. Студент тұлғасын кәсіби қалыптастыруда педагогикалық практиканың ролі // Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ 70 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция және Тәжібаев оқуларының материалы, Алматы,, 2004.
31. Болашақ педагогтар дайындауда педагогикалық практиканың ролі // Хабаршы, Әл-Фараби атынд. ҚазҰУ, Алматы, №1(12), 2004

2. ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

6.1 Кафедра бойынша практика әдіскерінің міндеті:

- Оқу орындарында техникалық қауіпсіздік бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- Оқу орнының ережелері және тәртіптерімен танысу;
- Практика өтетін базамен келісім-шарт орнату;
- Алғашқы және қорытынды конференция жұмысын ұйымдастыру;
- Педагогикалық практика бойынша құжаттамаларды дайындау;
- Практиканы ұйымдастыру.

6.2 Практика базасы жетекшісінің міндеттері:

- Студенттерге аптасына бір ретін кеңес беру;
- Сабақтарды жоспарлауға әдістемелік көмек көрсету;
- Сабақ жоспарларын бекіту;
- Қатысқан сабақтарды талдау;
- Студенттердің оқу құжаттарымен танысуы;
- Студенттердің ҒЗЖ жоспарлауға көмек көрсету;
- Есептерді тексеру.

6.3 Студент-практиканттың міндеттері

Студент міндетті

- Практика базасының еңбек тәртібі мен ережесін сақтау;
- Сабақтың басталуына 20 минут ерте келу;
- Алғашқы және қорытынды конференцияға қатысу;
- Барлық кеңес беру жұмыстары мен конференцияларға қатысу;
- Басқа студенттердің ашық сабақтарына қатысу;
- Сабақтың жоспарын құру, дәрістердің мазмұнын құрастыру.
- Куратордың көмекшісі ретінде жұмыс істеу;
- Арнайы сценарий бойынша бір не екі іс-шараны дайындау және өткізу;
- Сабаққа практика жетекшісі бекітіп бергеннен кейін ғана кірісу,
- Практикадан өту кезінде күнтізбелік және тақырыптық жоспар құрастыру;
- Оқытудың құжаттамаларымен танысу (жұмыс бағдарламалары, ОӘК және т.б).

- Жүргізетін сабақтарына әдістемелік материалдар дайындау (дәрістің жоспары мен мәтіні, семинар жоспары, зертханалық сабақтар, бақылаушы материалдар, тапсырмалар, сұрақтар, иллюстрациялық мысалдар, эксперимент, кестелер, схемалар және т.б).
- ОӘК толықтыруға кафедраға және практика жетекшісіне көмек көрсету;
- Оқу орнының психологиялық қызметіне көмектесу;
- Курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жасау, оқытушының, куратордың, кафедраның, деканаттың тапсырмасы бойынша жұмыстар орындау.

6.4 Практиканың қорытындысын шығару

Студент белгіленген уақыт мерзімінде келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

- практика күнделігі;
- жеке жұмыс жоспары;
- сабақтың жоспары;
- іс-шаралардың жоспары;
- жалпы есеп.

Практиканың қорытындысын шығару кафедрада конференция формасында жүргізіледі. Студенттер ортақ есеп дайындайды. Әрбір студенттердің тобынан орындалған жұмыстар бойынша доклад әзірленеді, практика барысы талданады, педагогикалық практиканың мазмұнына өзгерістер мен ұсынымдар айтылады.

Студенттердің іс-әрекеттерін бағалау құжаттарды қарау, сабақтарға қатысуын талдау, бақылау негізінде жүргізіледі.

6.5 Студенттің ғылыми-зерттеу жұмыстары

Практика барысында студенттер дипломдық жұмыстары бойынша зерттеу жүргізеді немесе куратордың, кафедраның психологиялық қызметтің тапсырмасын орындайды. Нәтижелер бойынша студенттер конференцияда сөз алады.

6.6 Құжаттар

Құжаттар практика аяқталған соң 2 апталық уақыт ішінде тапсырылады.

Күнделікті толтырудың формасы

Күнделік

педагогикалық практика бойынша
Педагогика кафедрасының 4 курс студенті

(Студенттің А.Ж.Т.)

Оқу жылы _____

Оқу орны _____

Тобы _____

Жоғары оқу орнының деканы _____

Практика әдістекері

Практика жетекшісі

Куратор _____

Сабақтардың өткізілу уақыты
 Қоңырау уақыты
 Студенттердің тізімі

Күнделікті толтыру схемасы

уақыты	Оқу-тәрбиелік үдерісті ұйымдастыру формасы	Сабақтың кезеңдері	Мазмұны	Ескерту

6.6.1 Студенттің жеке жоспарын жүргізу формасы

Жеке жоспар практика жетекшісінің және кафедраның жоспары негізінде құрастырылады.

1	<p>Ұйымдастыру жұмыстары.</p> <p>1. әдіскер оқытушының жұмысымен танысу; - кафедраның техникалық құралдары және жабдықталуымен, зертхана, психологиялық кабинеттерімен танысу; - кафедраның, оқытудың құжаттарымен танысу.</p>			
2	<p>Оқу жұмысы.</p> <p>- практика жетекшісінің сабақтың жоспарын құру бойынша кеңес беруі; - сабаққа дайындалуы және т.б.</p>			
3	<p>Аудиториядан тыс жұмыстар.</p> <p>- кураторлық сабақтарға қатысу; - аудиториядан тыс жұмыстарды жүргізу.</p>			
4	<p>Ғылыми-зерттеу жұмыстары.</p> <p>- Ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жүргізу; - Зерттеу жұмысы бойынша есеп дайындау.</p>			

6.7 Сабақтың жоспарын құрастыру жоспары

тақырып	мақсаты	Сабақтың формасы	Негізгі сұрақтар	Кілтті түсініктер	әдебиеттер	СӨЖ тапсырмасы

6.10 Сабақты талдау схемасы

1 нұсқа

Сабақты дидактикалық талдау

Ұйымдастырушылық компоненттер:

- 1) сабақтың құрылымын сақтау, сабақтағы өзара байланыс;
- 2) мазмұнның тақырыпқа сай келуі, мақсат міндеттерге жете алуы;
- 3) сабақтың түріне тақырыптың сай келуі;
- 4) оқыту принципін сақтау.

Конструктивті компоненттер:

- 5) оқытудың дұрыс және әртүрлі әдістерін қолдану;
- б) сабақтың мазмұнының ерекшелігі
 - а) оқу материалын білу және меңгеру.
 - б) оқу материалын нақты және мазмұнды жеткізе білу.
 - в) оқу материалының жас ерекшеліктерге сәйкес келуі.
 - г) студенттерді белсендендіру әдістерін қолдану.

6.11 Сабақты талдау түрі және негізгі типтері

Мақсаттылық принципі негізінде сабақты талдаудың 4 типін бөледі: 1) толық, 2) кешенді, 3) қысқа, 4) аспектілі.

Әрқайсының түрі бар: дидактикалық, психологиялық, тәрбиелік, әдістемелік, ұйымдастырушылық.

Дидактикалық талдау жасау - негізгі дидактикалық категориялары (сабақтың мақсатын қою, дидактикалық принциптерін сақтау, оқу тақырыбын баяндау логикасы, оқыту үрдісінің логикасы, оқыту әдістері мен құралдарын пайдалану, оқушылардың танымдық қызметін белсендіру сұрақтарын, өзбетіндік жұмыстарды ұйымдастыру, оқыту және тәрбие принциптерін жүзеге асыру) бойынша сабаққа талдау жасауды қарастырады.

Психологиялық талдау сабақтағы - психологиялық жағдайды, мұғалім және оқушылар арасындағы қарым-қатынастарды, оқушылар арасындағы қатынасты, мұғалімнің педагогикалық әдеби сұрақтарын, оның оқушыларға жеке

ықпал ету деңгейін, оқушылардың эмоциялық көңіл-күйін зерттеуді қарастырады.

Тәрбиелік талдау – оқушыларға сабақ тәрбиелік ықпал ету сатысын зерттеу мақсатында жүргізіледі.

Сабаққа әдістемелік талдау – мұғалім мен оқушылардың қызметін, сабақтың негізгі құрылымдық компоненттерінде олардың қызметтеріндегі өзара іс-әрекетін зерттеу қарастырылады.

Сабақтың ұйымдастырушылық аспектісіне талдау жасау – сабақты ұйымдастыру тәсілдерін, сабақта көрнекі құралдардың қамтамасыз етілу деңгейін, сабақта техникалық құралдармен оқытуды тиімді пайдалану, мұғалімдердің құжаттарды жүргізуі, сабақта уақытты тиімді пайдалануы, санитарлық – генетикалық тәртіпті орындау және т.б. зерттеуді қарастырады.

Сынып сағатына талдау жасау сызбасы

1. Сынып сағатының тақырыбы және оның сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының жалпы жүйесінде алатын орны

2. Сынып сағатының білімділік-тәрбиелік міндеттері, әр оқушы үшін жеке тұлғаның мәнділігі.

3. Сынып өткізуге мұғалім және оқушылардың дайындығы:

а) Шараларды өткізуге мұғалім және оқушылардың дер кезінде дайындығы;

б) Оны дайындауда оқушылардың белсенділік деңгейі.

4. Сынып сағатының барысы:

а) Сынып жетекшісінің эмоционалдығы, сенімділігі, нақтылығы, сынып сағатының мақсатын және міндеттерін оқушылардың алдында қою және ашу;

б) Сынып ұжымының даму деңгейіне мазмұны сәйкес шараларды өткізу технологиясы және тақырыптың бағыттылығы;

в) Сынып сағатын өткізуде сынып жетекшісінің педагогикалық шеберлігі: педагог әдебі, мәдениеті, қарым-қатынасы, тәрбиешінің сыртқы келбеті; сынып сағатын өткізулің алғашқы кезеңінде психологиялық сәйкестікті құру; оқу уақытын тиімді пайдалану; сынып жетекшісінің түзету әрекеті.

5. Сынып сағатының қорытындысы:

а) сынып сағатының міндеттері және мақсатқа жету;

б) өткізілген шаралардың жағымды және жағымсыз аспектілері, олардың себептері;

в) сынып сағатын дайындау және өткізуде сынып жетекшілерінің жұмысын жетілдіру бойынша педагогикалық қорытынды және нұсқаулар.

6.12 Аудиториядан тыс іс-шара талдау схемасы

Тақырып	Аудиториядан тыс шараның формасы	мақсаты	Іс-шараға дайындық және жүргізілуі	Іс-шараның кезеңдері	Іс-шараның мазмұн	Топтың іс-әрекетіне талдау	Іс-шараны қорытындылау
---------	----------------------------------	---------	------------------------------------	----------------------	-------------------	----------------------------	------------------------

					Ы		

6.13 Ғылыми жұмыстарды талдау схемасы

Зерттеу жұмысының тақырыбы	Зерттеудің мақсаты	Зерттеу міндеттері	Зерттеудің болжамы	Зерттеудің әдістері	таңдау	Зерттеу нәтижелері	ұсыныстар